

2022 жылдың қаңтар айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Қаңтардың бірінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының күздік дақылдар егілетін аудандарда температуралық фон нормадан 3...6°C, Батыс Қазақстан облысында 2°C төмен болған. Жауын-шашын көбінесе нормадан төмен жауған Алматы облысынан басқа аймақтарда нормадан жоғары болған.

Алматы облысында 3-9 күн бойы, Жамбыл облысында 1-3 күн бойы және Түркістан облысында 2-4 күн бойы орын алған қарқынды жылымық күздік бидайдың қысқа төзімділігіне әсер етіп, бұл өсімдіктердің қысқы төзімділігінің төмендетуіне ықпал етеді.

Жамбыл облысының егістіктерінде (6 см болған Тасарық станцияларынан басқа), Алматы және Түркістан облыстарының кей жерлерінде қар жамылғысының болмауы қатты аяз кезінде күздік бидайдың қыстап шығуына әсер етуі мүмкін.

Алматы облысында күздік бидайдың топырақ түптену түйінінің (3 см) минималды температурасы Алматы облысында 0°C минус 7°C дейін, Жамбыл облысында минус 1°C дейін және Түркістан облысында 0°C минус 1°C дейін ауытқыған.

Жайылымдық мал шаруашылығы аумағында ауа райы алдыңғы онкүндікке қарағанда жылы болған, жауын-шашын барлық жерде жауған, бірақ біркелкі емес.

Тұрақты қар жамылғысы көбінесе мал шаруашылығы аймақтарының басым бөлігінде байқалған, қар жамылғысы Жамбыл және Түркістан облыстарында болмаған.

Көктайғақ құбылысы 1-5 тәулік бойы Атырау, 1 тәулік бойы Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарының жайылымдарында байқалды. Ұсақ жануарлардың тұяғын бұза алмайтын күшті мұз қабыршығы, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының кей жерлерінде орын алған.

Онкүндіктегі қолайсыз метеорологиялық құбылыстар (қар, қырау, көктайғақ) кезінде мал жаюды қиындататын күндер саны Қарағанды облысында (Бектауата станциясы) 1 күнді және Батыс Қазақстан облысында (Тайпақ станциясы) 2 күнді құраған.

Өткен онкүндікте мал шаруашылығы аймақтарының басым бөлігінде мал жайылымы жүргізілген. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек, Казталов, Ақжайық аудандарында, Қостанай облысының Арқалық ауданында жануарларды қорада ұстауға көшкен, аналық мал басын және жас төлдерді азықтандыру, жемшөп жеткізу жалғасуда.

Жайылымдар орташа және қатты тапталған, барлық жерде шым қатқақ, шөптің жай-күйі көбінесе қанағаттанарлық болған.